

## Жангелдин аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 283 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 9032 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жангелдин аудандық мәслихатының мынадай шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Милісай ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 28 ақпандағы № 157 (2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4590 болып тіркелген);

2) "Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 157 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Милісай ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 18 мамырдағы № 103 (2017 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7094 болып тіркелген).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

A. Нысамбаев

Жангелдин аудандық мәслихатының хатшысы

C. Нургазин